

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің шетелдік әскери тұтқындары мен ерекше режимдегілердің мәселелері жөніндегі Республикалық комиссияны құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 тамыз 1992 ж. N 689

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде Қазақстан территориясындағы Ішкі істер министрлігінің лагерьлерінде болған әскери тұтқындар мен ерекше режимдегілердің тағдыры және олар жерленген жерлердің жай-күйі туралы өзара ақпарат алысуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің шетелдік әскери тұтқындары мен ерекше режимдегілердің мәселелері жөніндегі Республикалық комиссияның осыған қоса тіркелген құрамы бекітілсін.

2. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің шетелдік әскери тұтқындары мен ерекше режимдегілердің мәселелері жөніндегі Республикалық комиссия жергілікті әкімдермен бірлесіп іс-әрекет жасай отырып Қазақстан территориясындағы Ішкі істер министрлігінің лагерьлерінде болған шетелдік әскери тұтқындар мен ерекше режимдегілерді іздестіруді, олар жайындағы мәліметтерді жинақтау мен жүйелеуді ұйымдастырып, қамтамасыз етсін.

Жергілікті әкімдердің қатысуымен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің қайтыс болған әскери тұтқындары мен ерекше режимдегілердің жерленген жерлерін күтіп ұстау жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын.

Министрліктер мен ведомстволар, жергілікті әкімдер шетелдік әскери тұтқындар мен ерекше режимдегілердің Қазақстанда болуы туралы қолда бар архив істері мен материалдарды 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің шетелдік әскери тұтқындары мен ерекше режимдегілердің мәселелері жөніндегі Республикалық комиссияға беріп тұратын болсын.

3. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің шетелдік әскери тұтқындары мен ерекше режимдегілердің Қазақстанда болуы туралы материалдарды жинау мен өңдеу, аталған адамдар жерленген жерлерді тиісінше күтіп ұстау, сондай-ақ заңды мүдделі ұйымдарға олар жайында ақпарат беру, республикаға келетін туған-туысқандарын, жақындарын және шетелдік ұйымдардың өкілдерін қабылдау, орналастыру мен қызмет көрсету "Антитеза" қауымдастығына жүктелсін.

Аталған шараларды халықаралық сыртқы экономикалық "Наурыз" қауымдастығы қаржыландыратыны еске алынсын.

4. Қазақстан Республикасының шет елдердің мемлекеттік органдарымен және қоғамдық ұйымдарымен гуманитарлық байланысын кеңейту мақсатында Баспасөз және

бұқаралық ақпарат министрлігіне, "Антитеза" қауымдастығына, халықаралық сыртқы экономикалық "Наурыз" қауымдастығына 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің шетелдік әскери тұтқындарымен ерекше режимдегілердің республика территориясында болуына байланысты мәселелер жөнінде бұқаралық баспасөз құралдарында очерк, әңгіме жариялануын, сондай-ақ хроникалық-құжаттық фильмдер түсірілуін ұйымдастыру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 17 тамыздағы
N 689 қаулысымен
Бекітілген

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің

шетелдік әскери тұтқындары мен ерекше
режимдегілердің мәселелері жөніндегі

Республикалық комиссия

Сұлтанов К.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
орынбасары (комиссия төрағасы)

Жалмағамбетов Т.Ж. - "Антитеза" қауымдастығының төрағасы (комиссия
төрағасының орынбасары)

Комиссия мүшелері:

Алданазаров А.С. - "Қазақстан-Жапония" қауымдастығының тарих бөлімінің меңгерушісі

Әмірханова Ж.Ә. - Шет елдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі Қазақ қоғамының төрайымы

Асқаров Ә.А. - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Мәдениет және ұлтаралық қатынастар бөлімінің аға референті

Белан П.С. - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих археология және этнография институтының бас ғылыми қызметкері

Жәнібеков Ш.Ж. - Отандастармен мәдени байланыс және ынтымақтастық жөніндегі Қазақ қоғамының ("Қазақстан" қоғамы) төрағасы

Журин В.К. - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін дамыту мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік республикалық "Қазтұрмысқомшар" концерні төрағасының бірінші орынбасары

Иванов В.М. - Қазақстан Республикасының Ішкі істері ақпарат орталығының бастығы

Қайырғалиев М.Қ. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасы бөлімінің бастығы, алқа мүшесі

Ключка А.К. - Қазақстан Республикасы Әскери прокуратурасы ақтау бөлімінің бастығы

Тыныбеков М.К. - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Қорғаныс бөлімінің аға референті

Мусина А.А. - Қазақстан Республикасының Шет ел
министрлігінің Консулдық басқармасының
бастығы

<*>

ЕСКЕРТУ. Кұрам өзгертілді - ҚРМК-нің 1993.05.20. N 417 және
1993.08.11. N 687 қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК